

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУДАҒЫ МҰҒАЛІМНІҢ РӨЛІ

Еркінбек Айгерім

aygera.erkinbek@bk.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Психология білім беру бағдарламасы, 4 курс студенті

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – п.ғ.к. доцент Г.Қ. Айқынбаева

Жалпы білім беретін мектептің мұғалімі оқу-тәрбие процесінде және түзету-педагогикалық қызметіндегі негізгі фигура болып табылады. Ол ерекше педагогикалық зейін қоюды талап ететін оқушылармен түзету-педагогикалық процессті жүзеге асырады нақты мазмұнмен толтырады, ұйымдастырады. Ол байланыс орнатады, оқушылармен олардың ата-аналары арасындағы байланысты реттейді. Ол балалармен жасөспірімдердің дамуы мен мінез-құлқындағы кемшіліктерді жою мен олардың алдын алуға бағытталған нақты әдістер мен тәсілдерді іріктейді және қолданады. Оған қоса, оқу пән мақсатын жүзеге асыруда оқушылардың пәндік танымдық белсенділігін арттыруды қамтамасыз ететін басты тұлға.

Бірақ, ғылыми зерттеулер мен мектептің педагогикалық тәжірибесі дәлелденгендей, барлық мұғалім толық шамада коррекциялық педагогикалық әсер етулердің қажетті және жеткілікті арсеналды қолдана алмайды. Әрбір мұғалімге педагогикалық процессті тиімді ұйымдастыру және жасөспірімнің мінез-құлқын өзгертуде мардымды нәтижелерге жетуге, баланың танымдық мүмкіндіктерін ойдағыдай түзетуде немесе оқушының оқу сабақтарындағы кемшіліктерін түзетуде мүмкіндік беріле бермейді. Барлық мұғалімде кәсіби-педагогикалық дайындық және дамуында ауытқушылығы бар баламен жеке жұмысты логикалық аяқтауға дейін жеткізуде эмоционалдық-психологиялық тұрақтылық бола бермейді.

Арнайы өткізілген психологиялық зерттеулердің нәтижелері дәлелденгендей, мұғалімнің 47-ден 70 пайызға дейін дамуы мен мінез-құлқында ауытқушылығы бар балалардың әртүрлі категориялармен тәрбие және түзету жұмыстарын ұйымдастыруда қиыншылыққа кездесетінін дәлелдейді. Олар баламен байланыс орнатуды, оларға сену қарым-қатынасын ретке келтіруді білмейді. Оларға тәрбиелік ситуацияны басқару қиын, оларда бала мінез-құлқының бұзылуына шешім қабылдаудағы реакциясы баяу. Олар тәрбиелік міндеттерді шешуде (стандартты емес) ерекше тәсілдерді таба білмейді. Оларға дамуы мен мінез-құлқында ауытқушылығы бар, оқу белсенділігі төмен мектеп оқушыларымен түзету жұмысын ұйымдастыру мен өткізу қиын.

Мұғалімнің кәсіби-педагогикалық қызметі көп аспектілік пен жартылай функционалдылықпен ерекшеленеді. Мұғалім біресе мектеп оқушыларын білім беру стандартымен, мемлекеттік бағдарламалармен басқа да нормативтік құжаттармен белгіленген мектеп оқушыларын даярлаудың мемлекеттік жүйесінің талаптарына оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің нәтижелеріне сәйкес қамтамасыз етуге бейімделген мемлекеттік қызметкер ретінде, біресе әлеуметтік қызметкер, өскелең ұрпақты тәрбиелеуші, жеке тұлғаны қалыптастыру және жан-жақты дамыту міндеттерін орындаушы ретінде болады. Одан басқа, мұғалім әртүрлі категориядағы балалармен (мінез-құлқында ауытқушылығы бар, психикалық дамуы тежелген, тәрбиесі қиын және педагогикалық тұрғыда қараусыз қалған) дефектолог және педагог-реабилитолог, әлеуметтік-педагог ретінде болады.

Педагогикалық қызметтің тағы бір маңызды аспектісі бар. Оның мәні, педагогикалық қызметтің метақызмет болып табылатындығында (Ю.Н. Кулюткин), яғни басқа қызметті ұйымдастыру бойынша оқушылардың оқу қызметін ұйымдастыру болып табылатындығында. Мұғалімнің қызметі оқушының қызметінен жоғары болады; мұғалім өз алдына қоятын мақсаттар, оқушы дамуының потенциалды көрсеткіштері ретінде қалыптасады; бұл мақсаттарға

жету процесі оқушының қызметін ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады; мұғалім қызметінің табыстылығын бағалау оқушының жоспарлаған мақсатының нәтижелеріне жету негізінде анықталады.

Баланың оқыту-тәрбиелеу процесі барысында баланың дамуы мен мінез-құлқындағы ауытқушылықтардың алдын-алу мен түзету, дамыту міндеттерін жүзеге асыру үшін мұғалім-тәрбиеші педагогикалық процеске тек қатысушы болып табылмауы тиіс, сонымен бірге оны психологиялық тұрғыдан да, физикалық тұрғыда да және танымдық және маральдық тұрғыда да ең бастысы кәсіби тұрғыда жүзеге асыруға дайын болуы тиіс.

Кәсіби-педагогикалық қызметтегі мұғалімнің функционалды міндетіне білімалушылардың жеке ерекшеліктерін анықтау мақсатында оларды жүйелі түрде терең зерттеу өткізу, дамытушы жұмыстың бағытын анықтау, балалардың жалпы даму динамикасын белгілеу, олардың жалпы білім беретін бағдарламаларды меңгеруін есепке алу, оқу барысындағы жалпы белсенділігін арттыру, оқу-пәнге қызығушылығын арттыру, танымдық белсенділігін қамтамасыз ету кіреді.

Жалпы айтқанда, жалпы білім беретін мектептің әрбір мұғалімі әдеттегі мектеп оқушыларымен тек кәсіби-педагогикалық қызметке ғана емес, сонымен бірге дамуы мен мінез-құлқында ауытқулары бар, оқуға белсенділік төмен балалармен түзету-педагогикалық жұмысына да дайын болуы тиіс.

Педагогикалық қызметке дайын болу көбінесе интегралды үлгі ретінде, мұғалімнің жеке тұлғасының оның бірнеше мотивациялық құндылық; когнитивтік; операциялық-тәжірибелік; эмоционалды-еріктік және рефлексивтік компоненттерімен өзара әрекетінен көрінетін ерекше жағдайы ретінде көрсетіледі.

Педагогикалық қызметке мотивациялық дайындық жеке тұлғаның күрделі білім алуы болып табылады және осы жеке тұлғаға тиісті ниеттену, идеалдар, құнды бағдарлаулар, қажеттіліктер, мүдделер жүйесі ретінде болады. Мотивациялық құндылыққа дайындық негізін мұғалімге өзінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік беретін педагогикалық қызметтің құндылықтары және олардың және олардың алдына қоғам қойған педагогикалық міндеттерді шешуге бағытталған оның әлеуметтік және кәсіби белсенділігін бағдарлаушы қызметкерлер құрайды.

Педагогикалық қызметке дайындықтың когнитивті компоненті таныммен байланысты және процесс және нәтиже ретінде қарастырылуы мүмкін. Сондықтан оны бір жағынан, жалпы педагогикалық және олардың жүйелілігі мен педагогикалық бағыттылығы мен сәйкес деңгейінің арнайы білімінің белгілі бір деңгейі ретінде елестетуге болады. Екінші жағынан – білімнің қорлануы ретінде, әлемнің біртұтас бейнесін көруге мүмкіндік беретін олардың жүйелілігінің неғұрлым жоғары деңгейіне өтуі, педагогикалық процессте жалпы заңдылықтардың көрініс табуы ретінде. Оның үстіне осы процесс барысында педагогикалық қызметке өзінің жеке қабілеттерін қайта бағалау болады, субъект іс-әрекеттің жаңа тәсілдерін таниды және когнитивті компонент басқа сапалы сипаттамалармен жаңа формаға өтеді.

Педагогикалық қызметке дайындықтың операциялық-тәжірибелік немесе процессуалды компонентіне мұғалімнің алға қойған мақсатқа неғұрлым тиімді жету тәсілдері мен жолдарын негізді (дәлелді) анықтау мен ұтымды қолдана білу шеберлігі кіреді. Педагогикалық қызметтің субъектісі ретінде мұғалім мектеп оқушысының жеке тұлғасының қалыптасып келе жатқан дамуы, оқуы мен тәрбиесін басқара білуі баланың жеке тұлғасына, оның мінез-құлқы мен міез-құлқына педагогикалық әсер етуді уақытылы және нәтижелі түзету қажет.

Дайындықтың эмоционалды ерікті компоненті тәрбиеленушілердің белгілі бір сезімдерінің көрінісі, мұғалімнің мамандығына махаббатының көрінісі, педагогикалық процесстегі соңғы нәтиже үшін жеке жауапкершілік пен парыз сезімінің болуы ретінде қарастырылады. Бұл сол сияқты өзін нақты жағдайларда басқара білу шеберлігі және өзінің

кәсіби күшін жеке тұлғаның жан-жақты дамыту міндеттерін сөзсіз орындауға, қиын өмір жағдайларында күмәндануды, қорқынышты, ауырлықты жеңе білу қабілеті, күрделі әлеуметтік жағдайда өзінің еркін мобилизациялай білу қабілеті.

Сонымен бірге дайындықтың эмоционалды еріктік компоненті шеңберінде және құбылыстардың психологиялық аспектілерін қарастыру кезінде мұғалімнің оның кәсіби-педагогикалық дайындығына психологиялық және кәсіби тиянақтылық мәселесіне көбірек көңіл бөлінеді. Жеке тұлғаның тұрақтылығын тек белгілі бір өмірлік жағдайлардағы тұрақтылық ретінде ғана емес, сонымен бірге жаңа жағдайды сезіне білу, өзін қоршаған жағдайға сәйкес өзгерту, өмірлік тәжірибесін бір ситуациядан екіншісіне ауыстыра білу де анықтайды. Бұл әсіресе мұғалімдерді түзету-педагогикалық жұмысына дайындауда маңызды. Кәсіби тұрақтылықтың негізін қалаушы элемент мұғалімнің өзін реттеуге, өз қайраткерлігіне, педагогикалық шығармашылық қабілеттілігі, өзінің эмоционалды жағдайын реттеу қабілеттілігі, өнімді қызметті ұйымдастыру, бір және күрделі ситуацияны шешудің жаңа формаларын, әдістерін іздеуді жүзеге асыру болып табылады.

Педагогикалық қызметке дайындықта рефлексивтік дайындық компоненті де айтарлықтай маңызды болып табылады. Рефлексия философиялық және әлеуметтік-психологиялық әдебиетте өзін-өзі танудың процесі ретінде ішкі психикалық актілер мен жағдайлардың субъектісі, өзін-өзі тану процесі ретінде, өзінің психологиялық жағдайын ойлау процесі ретінде қарастырылады. Коррекциялық-педагогикалық қызмет шеңберінде рефлексияның екі жақты маңызды ролін ескеру маңызды, рефлексия – бұл субъектілердің бір-бірін екі еселеген айналы өзара бейнелеу процесі. Дәл осы түзету барысында жас өспірімнің танымдық белсенділігін арттыру кезіндегі әрбір жасалған қадамды көру және уақытылы бағалау, өз мүмкіндіктерін түзетудің барлық процесін жүзеге асыру барысында көру маңызды.

Қорыта айтқанда, әрбір мұғалім оның мамандану пәніне тәуелсіз белгілі бір жалпы кәсіби талаптарға сәйкес болуы, жеке тұлғаның адамдық сапаларының жиынтығын меңгеруі, оның ойдағыдай кәсіби қызметі үшін қажетті педагогикалық білімдер мен шеберліктер жиынтығын меңгеруі тиіс, яғни жеке тұлғаның инварианты, идеалдандырылған параметрлеріне сәйкес келуі және мұғалімнің кәсіби қызметі мен оның профессиограмасына сәйкес болуы тиіс. Сонда ғана мұғалім өзінің кәсіби іс-әрекетін жоғары деңгейде жүзеге асырады, оқушылардың өз пәнінде танымдық белсенділігін арттырудың барлық қыр-сырын меңгереді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Дубровина, И.В. Возрастная и педагогическая психология. Хрестоматия / И.В. Дубровина, А.М. Прихожан, В.В. Зацепин. - М.: Academia, 2018. - 256 с.
2. Габай, Т.В. Педагогическая психология: Учебник / Т.В. Габай. - М.: Academia, 2019. - 672 с.
3. В. Зинченко. Психология образования. Центр гуманитарных инициатив. 2018.- 684 с.
4. Хухлаева, О. В. Школьная психологическая служба. Работа с родителями / О. В. Хухлаева. — Москва : Генезис, 2008.
5. Р.В. Овчарова. Практическая психология образования.М.: «Академия», 2008. – 448 с.